

Cultural Skills зерттеуінің нәтижелері бойынша қысқаша есеп

Қазақстанда мәдениет саласындағы мамандар
біліктілігінің жетіспеушілігіне және олардың
тапшылығына байланысты проблемаларды талдау

Авторлары: Сана Ким және Анастасия Гончарова







BAZAAR

Есеп туралы

Бұл есепте Қазақстанның аса ірі екі қаласындағы мәдениет саласында мамандардың жетіспеушілігі мен тапшылығы мәселесі қарастырылады. Зерттеу нәтижелері бойынша жаңа бағдарламаларды әзірлеу барысында пайдалануға болатын, нақты деректерге негізделген және сектордың түпкілікті тұтынушыларын қанағаттандыруға бағдарланған ұсынымдар тұжырымдалған. Зерттеуге бастамашылық жасап, қаржыландырған British Council Kazakhstan және Cultural Skills британиялық тобы. Зерттеу саласы екі қаламен (Алматы және Астана) және мәдениеттің жеті секторымен (дизайн, музей ісі және тарихи-мәдени мұраны қорғау, кино, музыка, орындаушылық өнер түрлері, көрнекі өнер және баспа ісі) шектеледі. Зерттеу алты ай ішінде: кабинеттік зерттеулер, мәдениет саласындағы мамандардан жартылай құрылымдалған сұхбаттар алу, мамандар мен студенттерге онлайн-сауалдама жасау сияқты түрлі әдістер пайдаланыла отырып жүргізілді. Қатысушылар British Council Kazakhstan мен зерттеу тобының кең ауқымды базасынан іріктеліп алынды.

Есеп Қазақстанға және оның мәдениет секторына, соның ішінде Қазақстанның мәдениет саясатына және мәдениет саласының мәдениет және білім беру секторларының негізгі қатысушыларына жалпы шолу жасаудан басталады. Одан кейін авторлар жеті сектордағы тәжірибелік дағдының және мамандардың жетіспеушілігімен байланысты негізгі проблемалық мәселелерді айқындауға талпыныс жасайды. Есептің негізгі мақсаты – Cultural Skills және British Council

Kazakhstan командаларына зерттеу барысында анықталған проблемаларды шешуге бағытталған қосымша бағдарламалар әзірлеу барысында Қазақстанда пайдалануға болатын, нақты деректерге негізделген ұсынымдар жасау. Есепте сондай-ақ әлеуетті серіктестердің тізімі беріліп, ондай бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру кезінде ескерілуі қажетті ерекше аспектілер көрініс тапқан.

Бұл жобаның зерттеу саласына және мерзімінің тығыздығына байланысты өзіндік шектеулері болғанын атап өту маңызды. Сондай-ақ, авторлардың бақылауына келмейтін бірқатар түсініксіз жайлар да бар. Есепте Қазақстанның тек екі қаласындағы жеті сектор бойынша мамандардың тапшылығы мен олардың біліктілігінің жетіспеушілігі проблемасы туралы пайымдаулар берілген. Тиісінше, ол тұтас Қазақстанның мәдениет секторы және жоғары білім беру секторы туралы толық мағлұмат бермейді.

Алғыс білдіру

Осы есепті дайындау кезінде орасан зор мәні болған ұдайы қолдаулары, басшылығы және кері байланысы үшін Қазақстан мен Ұлыбританиядағы British Council-дағы әріптестерімізге ризашылығымызды білдіреміз. Сондай-ақ біз есептің алдын ала дайындалған редакцияларына рецензия жасаған, сол арқылы осы жобаға үлес қосқан King's College London-дағы әріптестерімізге де алғысымызды айтқымыз келеді. Сауалнамаларға және сұхбаттарға қатысу үшін уақытын бөлген және әр қала мен сектордың ерекшелігі туралы құнды пікірлерін айтқандардың барлығына алғыс айтамыз.

Алғысөздер

© Megan Dancy



Қазақстан мұнай өнімінің бағасына аз сенім артып, өз экономикасын әртараптандыруға көп күш жұмсағандықтан, басқа сектордың

үлесі, бай және әртарапты мәдени секторды қоса алғанда, дамып келеді. 1991 жылы Кеңес Одағынан тәуелсіздігін алғаннан кейін Қазақстанның мәдени секторы жан-жақты дамыды. Қазақ үкіметі бұған дейін қолдау көрсетілмеген қазақ тілін байытуға және мәдени мекемелерді дамытуға белсенді түрде инвестиция салды. Сонымен қатар, туризм маңызды сектор ретінде айқын көрініс алды, ал мәдениет ЮНЕСКО-ның бес әлемдік мұра нысандарының арқасында ғана емес бұл бастамада да маңызды орын алды.

British Council Cultural Skills командасы білім алмасу мен елдер арасындағы өзара тиімділікті дамыту арқылы Ұлыбритания мен басқа елдер арасындағы мәдени байланыстарды нығайтады. Біз Ұлыбритания және халықаралық серіктестермен бірге мәдениет

саласындағы дағдылы бағдарламаларды қалыптастырамыз, Ұлыбритания мен бүкіл әлемде тәжірибелі мамандар мен институттардың мүмкіндіктерін дамытып, гүлденген және өркендеген мәдени саланы қолдайтын әртістік, әлеуметтік және экономикалық артықшылықтарды қалыптастырамыз.

Мәдени сектор мен креативті индустрия күшейіп келе жатқандықтан, Қазақстан үшін бұл секторды халықаралық мәдени туризм мен елдің мәдениетін дамыту арқылы халықаралық қатынастарды нығайтудың негізі ретінде пайдалануға зор әлеуеті бар; Бұл зерттеу осындай халықаралық қатынастарды құрудың пайдалы тұғырнамасын ұсынады; дағдылы бағдарламалар қолдану білімді жетілдіруге ғана емес, тәжірибе алмасуға және Қазақстанның мәдени құндылығы туралы хабардарлықты арттыруға көмектеседі.

Саймон Т. Дэнси
Cultural Skills бөлімінің директоры



British Council-дың
мәдениет
саласындағы
мамандардың
дағдыларын
шолуға арналған
зерттеуі
Қазақстанның
мәдени саясатын

іске асыруға маңызды үлес болып табылады. Бұл зерттеудің нәтижелері бізге Алматы мен Астанада мәдениет секторын одан әрі дамыту бағыттарын анықтауға көмектеседі. Зерттеуде сол сияқты мәдениет секторында жұмыс істейтін қазақстандық мамандардың кәсіби өсуі үшін және кәсіптік құзыреттерін дамыту үшін ненің қажет екендігі туралы пайдалы ақпарат бар.

Ұлттық мәдени әлеуетті үдету көптеген елдер үшін, соның ішінде Қазақстан үшін де түйінді басымдықтардың бірі болып табылады. Бұл – Қазақстанды әлемдік мәдени кеңістікке интеграциялау және тиімді халықаралық ынтымақтастықты жолға қою мүмкіндіктерінің бірі. Мұндай

процесте мәдени салаға терең талдау жасау, зерттеулер мен мәдениет саласы қызметкерлеріне арналған тиімді білім беру бағдарламаларын әзірлеу маңызды рөл атқарады.

Біз British Council қазақстандық мәдениет саласындағы қазіргі заманғы жай-күйді зерттеу жөніндегі өзінің қызметін жалғастырады және британиялық және қазақстандық кәсіпқойлар арасында одан әрі тәжірибе алмасуға жәрдемдеседі деп үміттенеміз. Сондай-ақ біз өз жұмысымызда Қазақстанда мәдениеттің, өнер мен ғылымның дамуын зерделеуге көмек көрсеткені үшін British Council-ға алғысымызды білдіреміз.

Андрей Хазбулатов

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының бас директоры





Бүгінде мәдениет экономикасы мәселелері қазіргі заманғы кез келген елдің дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Креативті индустрияларды дамытудың жоғары әлеуетіне ие Қазақстанда прогрессивті қоғамды мәдениеттің одан әрі даму мәселелері толғандырады. Мәдениет секторы қандай құзыреттерді үдете дамытуы керек? Біздің қазіргі кезімізде мәдениет саласындағы білім беру қалай өзгеруге тиіс? British Council мен британиялық Cultural Skills талдау тобы бастамашылық жасаған, аса ірі екі қала – Астана мен Алматы қалалары материалдарының негізіндегі талдамалық зерттеуде құрастырушылар өздерінің және реципиенттерінің алдарына осы және басқа да мәселелерді қояды.

Зерттеу екі қаланың арт-қайраткерлерінің Қазақстанда мәдениет саласындағы мамандардың тапшылығы мен біліктілігінің жеткіліксіздігіне байланысты пікірлерін жинауға, статистикалық деректерді қарастыруға, түсініксіз болып тұрған мәселелер бойынша нақты тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Қазақстанда өнердің техникалық салаларында да, менеджмент секторында да құзыретті мамандар жетіспейді. Білім беру күні бүгінге дейін уақыттың жаңа талаптарына және шығармашылық еңбектің жаңа нарығын қамтамасыз етуге бейімделмеген. Біздің көптеген

шығармашыл қызметкерлеріміз шет тілдерін білмегендіктен, жаһандық әлемнен оқшауланып қалған. Біздің басқарушылар жобалық технологияларды меңгермеген.

Яғни, бізге алдыңғы қатарлы елдерде қалыпты жағдай болып, тіпті ұсақ-түйек болып саналатын жайлар жетіспейді. Халықаралық куратор Виктор Мизианоның: «Сіздерге бірінші кезекте керегі – күнделікті бір ырғақты жұмысты қалыптастыру. Мәдениет, жалпы адам да күнделікті бір ырғақты жұмыспен күн кешеді. Мереке маусымына бір рет болады, бірақ, әдетте адамдар астық жинайды, егін егеді, күнделікті еңбегімен өмір сүреді. Міне, мәдениет өзінің күнделікті бір ырғақты жұмысын табуы үшін жағдай жасау – бұл Алматы, Қазақстан және жалпы Орталық Азия үшін қазір басты міндет»¹ – деген кеңесіне құлақ түретін кез келді. Күнделікті бір ырғақты жұмыспен айналысатын кез келді – шет тілін белсенді түрде оқып-үйрену, мәдени механизмдердің әлемдік стандарттарын танып-білу, білім беруде және басқаруда инновациялар жасау, яғни, өзіндік түзетулер енгізе отырып, жаһандық тәжірибені ескеретін – *глокальдық*² модусте жұмыс істеп, өмір сүретін кез келді. Cultural Skills ұсынған зерттеу іс-қимыл жасауда басшылыққа алынатын нұсқаулық және күнделікті міндеттерді шешуде көмекші бола алады.

Юлия Сорокина
тәуелсіз куратор

1 Орталық Азияның өнеріне күнделікті бір ырғақты жұмыс жетіспейді: В. Мизианомен сұхбаттасу // Капитал. – 12.02.2015.

2 Глокальдық – жиынтықта алғанда жаһандық та, жергілікті де сипаты бар көркемөнер құбылыстарын белгілеу үшін Океке Бонито Олива қолданысқа енгізген термин.



Кіріспе және шолу

1991 жылы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде даму жолына түсті. Ол демократия мен нарықтық экономикаға бір мезгілде қадам жасап, өз жолын бастады. Өзінің аумағындағы молынан табылатын бай табиғи ресурстарының арқасында Қазақстан Орталық Азиядағы бұрынғы кеңестік республикалардың кез келгенінен тезірек дамыды. Мұнай кірістері үкіметке ұлттық брендингке, ұлттық бірегейлікті жасауға және мәдени мұраны сақтау бойынша бастамаларға белсенді түрде инвестиция салуға, сондай-ақ «Еуразия жүрегінде» жаңа елордасын (Астананы) салуға мүмкіндік берді.¹ Алайда, алғашқы екі онжылдықта елде мәдениет секторын басқаруды ұйымдастыру тәсілі айтарлықтай жақсы емес немесе, кейбір сарапшылар сипаттағандай, ахуалдық күйде болды (ad hoc).²

Тек соңғы жылдары ғана Қазақстан үкіметі мәдениет саясатын оңтайландыру бойынша жұмыс істей бастады. 2014 жылы Мәдениет және спорт министрлігі (МСМ) заманауи Қазақстанның мәдениет саясатын дамытуда маңызды кезең болып табылатын «Қазақстан Республикасының мәдениет саясатының тұжырымдамасы» деген атауы бар ақпараттық құжатты шығарды. Тұжырымдама мыналарды: 1) мәдениет саласындағы басқару мен қаржыландыру жүйесін; 2) мәдениет саласындағы білім беру жүйесін; 3) мәдениет саласындағы ғылыми зерттеулер бағдарламаларын; 4) мәдениет саласында ақпараттық және инновациялық технологияларды қолдануды және 5) заманауи мәдениет кластерлерін дамыту арқылы Қазақстанның мәдени ортасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін жалпы саясат ретінде ойластырылған болатын.

Алайда, құжат жарияланғаннан кейін көп ұзамай Қазақстан қаржылық қиындықтарға тап болды. Экономикалық өсуі табиғи ресурстарға өте тәуелді басқа да елдер сияқты, Қазақстан 2014 жылғы мұнай бағасының құлдырауының алдында

өте дәрменсіз күйде болды.

Сәйкесінше, бұдан кейінгі жылдары оның экономикалық өсуі айтарлықтай баяулады. Бір жағынан, қалыптасқан экономикалық ахуалда Мәдениет саясатының тұжырымдамасында белгіленген аса биік жоспарларға бюджет шығындарының қысқартылуы сөзсіз әсер етер еді. Екінші жағынан, өзінің экономикалық әлеуетімен мәдениет Қазақстан үшін тағы бір маңызды аспектіге ие болды. Үкімет елдің экономикалық өсу моделіне ресурстарды қазып алудан неғұрлым әртараптандырылған экономикаға көшу арқылы трансформация жасауға ұмтылғандықтан, мәдениет болашақ экономикалық өсу үшін перспективалық ресурс болып шықты.

Мемлекеттік саясаттың жетістіктерінен басқа соңғы бес жылда тәуелсіз мәдениет секторында жаңа тәуелсіз арт-кеңістіктер, фестивальдар, көрмелер мен тұжырымдық дүкендер сияқты жеке бастамалардың өркендеуі байқалады. Егер де тәуелсіз сектордағы мұндай қарқын негізінен, елдің бұрынғы астанасы – Алматыда қамтамасыз етілетін болса, Астананың танымалдығы опера және балет сияқты биік классикалық өнерлердің дамуының арқасында барған сайын арта түсуде.

¹ «Еуразия жүрегінде» – Нұрсұлтан Назарбаевтың Астана туралы жазған кітабының атауы.

² Rafis Abazov, Andrey Khazbulatov. 'Kazakhstan to Reform its Cultural Sector,' *CACI Analyst*, 2015.


Негізгі қорытындылар

Сұхбатқа қатысушылар тұтастай алғанда соңғы онжылдықта Қазақстанда мәдениет саласындағы білім беру сапасының айтарлықтай нашарлағанымен келісті. Зерттеу барысында Қазақстандағы мәдениет саласында білім берудің ағарту сапасының төмендеуін түсіндіре алатын және бұдан кейін жоғары білім беру сапасының мәдениет секторының сұраныстарына сәйкес келмеу проблемасын тереңдете түсетін негізгі бес проблемасы айқындалды.


Бірінші кезекте МСМ мен Білім және ғылым министрлігі (БҒМ) арасындағы жұмыстың келісілмеуі байқалады. Бұл мәдениет саласындағы білім беру бағдарламаларының тиімділігін төмендетеді. Екіншіден, жоғары білім беру бағдарламаларының да Қазақстанның нақты мәдениет секторының талаптарына сәйкес келмеуі байқалады. Басқаша айтар болсақ, жоғары білім көп жағдайда белгілі бір пәннің техникалық аспектілерін игеруге бағдарланған; бұл ретте көп жағдайда оның практикалық аспектілеріне толығымен мән берілмейді. Нәтижесінде секторда кәсіпкерлік дағдылары бар мәдениет қызметкерлерінің тапшылығы пайда болады. Үшіншіден, басы артық теориялық бағдарланудың үстіне

мәдениет саласындағы білім беру шектен тыс бюрократталып кеткен, осыдан барып ол барынша схоластикалы, сонымен бірге икемсіз, қолапайсыз және соған сәйкес, тиімсіз болып шыққан. Төртінші проблемалық аспект – көркемөнерпаздық қызметті қолдау үшін аса қажет білікті техникалық қызметкерлердің (мысалы, декораторлардың, жарық берушілердің және т.б.) ұдайы жетіспеушілігін тудыратын кәсіптік техникалық білім беру бағдарламасының жоқтығы. Зерттеу анықтаған бесінші және ең соңғы проблема, ынталандыру мен энтузиазм жетіспейтін студенттердің өздеріне тән екені қызық.

Сіздің салада техникалық мамандардың тапшылығы бар ма?



Сіздің салада әкімшілік мамандардың тапшылығы бар ма?



Мәдениет саласындағы менеджменттің қажеттіліктері

Мәдениет саласында жұмыс істейтін маман-практиктермен жасалған сұхбаттар барысында жиналған деректер басқарушылардың айтарлықтай жетіспеушілігін және мемлекеттік секторда да, тәуелсіз мәдениет секторында да қажетті біліктіліктің жоқтығын көрсетті. Бір жағынан сұхбатқа қатысушылар тиісті секторларда шығармашыл қызметкерлерді қолдап, бағыттай алатын тәжірибелі менеджерлер мен әкімшілердің өткір тапшылығын атап көрсетті. Екінші жағынан олар шығармашыл қызметкерлердің өздеріне басқарушылық және кәсіпкерлік дағдылар жетіспейді деп санайды. Респонденттердің пікірінше, жобаларды басқару дағдылары ең сұранысқа ие дағдыларға жатады.

Оның үстіне зерттеу Қазақстанда мәдениет саласындағы қызметкерлер мен компанияларға да бизнес-стратегияларды әзірлеу дағдылары жетіспейтінін анықтады. Атап айтқанда, бұл ретте мемлекеттік

мәдениет мекемелерінің жұмысы тиімсіз болып табылады. Мемлекеттік мәдениет мекемелерінің көбісі қаржыландыруды іс жүзінде тек қана мемлекеттік бюджеттен алатын болғандықтан бұл түсінікті де. Тәуелсіз мәдениет секторының өкілдеріне бизнес-стратегияларды әзірлеуге көбірек ден қоюға тура келеді, әйтпесе олар күнін көре алмайды. Бұл ретте кейбір респонденттер жекеше мәдениет мекемелері ұзақ мерзімдік бизнес-стратегияларды әзірлеуге мықты емес екенін және өз секторларындағы ахуал туралы тұтастай түсініктері жоқ екенін атап көрсетті.

Мәдениет секторына қатысы бар жоғары және кәсіптік білім беру бағдарламаларында кәсіпкерлік, жобаларды басқару, стратегиялық жоспарлау, маркетинг және қаржы курстары мүлдем жоқ деуге болады. Одан басқа, мәдениет және өнер саласындағы басқарушыларды дайындайтын жоғары білім беру



бағдарламалары көп те емес. Тиісінше, мәдениет саласындағы қазақстандық білім жүйесі мәдениет секторының өз жобаларын тиімді басқаруға және орнықты түрде мансабын жасауға қабілетсіз қызметкерлерін оқытып шығарады. Осы себеп бойынша түптің түбінде көптеген шығармашыл адамдар, өз ойларынша жоғарырақ деңгейлі кірісі бар орнықты жұмыс табамын деп басқа салаларға кетуге мәжбүр болады. Шығармашыл қызметкерлерге бағыт беріп, көмектесе алатын мәдениет және өнер саласындағы кәсіби менеджерлердің жетіспеушілігінен бұл ахуал тереңдей түседі.

Мәдениет және өнер саласындағы көптеген тәжірибелі мамандардың кәсіпкерлік және басқарушылық дағдыларын мамандандырылған оқыту процесінде емес, жұмыс барысында игергені айдан анық.

Сұхбатқа қатысушылар (негізінен тәуелсіз сектордың өкілдері) мәдениеттің көптеген секторларында фандрайзингтің, продюсерлік жасаудың және қаржыны басқарудың ұдайы жетіспейтінін атап көрсетті. Мәдениет саласындағы мамандар жиі атап көрсететін проблемалардың бірі – ол маркетингтің, пиардың және аудиториямен жұмыс істей білудің жетіспейтіндігі. Одан басқа, Қазақстанның мәдениет секторында серіктестікті дамыту және түрлі ұйымдармен бірлесе жұмыс істеу дағдыларының тапшылығы байқалады. Нәтижесінде, мәдениет қызметкерлері әріптестерімен, мәдениет саясатын қалыптастыру үшін жауапты тұлғалармен, демеушілермен және басқа да ықтимал серіктестермен мазмұнды сұхбат жүргізу, сондай-ақ аудиториямен өзара тиімді іс-қимыл жасау қиынға соғатын ахуал орнығады.





Мәдениет секторының техникалық қажеттіліктері

Зерттеу сондай-ақ барлық кіші секторларда қажетті техникалық дағдылардың жоқтығын анықтады. Респонденттердің пікіріне сәйкес **музыка секторында** техникалық және шығармашылық инновациялар жетіспейді. Көптеген мамандар музыка индустриясының әлсіз техникалық базасын және қолда бар ресурстармен (яғни, технологиялармен және жабдықпен) жұмыс істей алмаушылықты атап көрсетті. Белгілі бір жағдайда бұны Қазақстанның музыка секторының ауқымы шағындығымен түсіндіруге болады. Сектор өсіп келе жатқанына қарамастан, ол бұрынғыша жинақы болып қалып отыр, сондықтан жоғары білікті техникалық персоналға арналған тұрақты бос қызмет орнының жеткілікті саны құрылмайды. Одан басқа, техникалық қызметкерлердің аз ғана бөлігі шет тілдерді білетіндіктен немесе жұмыс істеу немесе оқу үшін шет елдерге шығатындықтан, сектор сондай-ақ қалған басқа әлемнен оқшауланған. Музыкалық секторға қажетті техникалық мамандардың ішінде әсіресе (табиғи, жанды өнер көрсетуді ұйымдастыру үшін) жарық берушілер мен декораторлардың жетіспеушілігі өте қатты білінеді.

Орындаушылық өнерге келетін болсақ, бұл салада мынадай техникалық мамандардың жетіспеушілігі өте қатты байқалады: жарық берушілер мен жарық бойынша суретшілер, декораторлар, дыбыс инженерлері, сахна инженерлері, технологтар, костюмдер мен грим бойынша суретшілер. Бұл инновациялық шешімдердің, цифрлық технологиядардың, жас режиссерлер мен жаңа

репертуардың пайда болуына кедергі келтіретін болғандықтан, секторға жағымсыз әсер етеді. Нәтижесінде, техникалық мамандарды жұмыс ерекшеліктеріндегі айырмашылыққа қарамастан, көп жағдайда кино секторынан шақырады.

Көрнекі өнер секторы менеджерлер мен кураторлардың ғана емес, сонымен бірге конструкциялар құрумен, қаптама жасаумен, арт-объектілерді тасымалдау және монтаждаумен айналысатын техникалық мамандардың тапшылығын бастан кешіп отыр. Техникалық тұрғыдан күрделі жобалар үшін кураторлар мен суретшілер басқа елдерден мамандар шақырғанды жөн көреді. Сондай-ақ зерттеу жас суретшілер мен кураторлар бейне (видео), жарық және дыбыс саласындағы жаңа технологиялар мен инновациялық шешімдер қызықты екендігін көрсетті. Бұл жаңа шығармашылық идеялардың пайда болуына және түрлі көрмелер мен инсталляциялардың техникалық деңгейінің көтерілуіне ықпал еткен болар еді.

Кино секторында камерамен, жарықпен, дыбыспен және монтаж кезеңінде жұмыс істейтін техникалық мамандардың барлық түрлерінің айтарлықтай қажеттілігі бар. Көп жағдайда мұндай мамандардың қажетті білімі болмайды және әдетте олар біліктілікті жұмыс орнында игеріп, үйренеді. Көп жағдайда олар бірқатар қолданбалы дағдыларды игеріп, тағы да басқа дағдыларды үйренуге талпыныс жасамай, сол білетіндерін пайдалана береді. Бұл ретте басқа елдермен (мысалы, Ұлыбританиямен) бірлескен өндіріс

жергілікті техникалық мамандардың біліктілігін арттыру үшін мүмкіндіктер жасар еді. Алайда, олардың көпшілігі ағылшын тілін немесе басқа шет тілін білмейтіндіктен, бұл мүмкіндіктер шектеледі.

Қазақстандағы **дизайн** секторының проблемасы – дамыған техникалық базаның жоқтығы, бұл ресурстар мен материалдардың шектеулілігімен тереңдей түседі. Тек кейбір жоғары оқу орындарында ғана өздерінің шеберханалары мен қажетті техникалық базасы бар, соған байланысты «материалтану» және «өндіріс технологиясы» сияқты маңызды пәндер айтарлықтай дәрежеде тек теориялық болып қалып отыр. Одан басқа, елде күшті өндірістік базаның жоқтығынан, өндірістік дизайн және сән курсы студенттерінің жергілікті деңгейде тағылымдамадан өту мүмкіндігі өте шектеулі. Қорытындысында, мұндай дизайнер түлектер өндірістік циклдармен және нақты өндірісте пайдаланылатын жабдықтармен таныс болмай шығады. Қазақстанда тауарлар көп жағдайда қол еңбегін және жартылай автоматтандырылған процестерді пайдалана отырып, дара, санаулы данамен шығарылады. Осы себепке байланысты «Қазақстанда жасалған» лейбл бар тауарлардың сапасы төмен болады және (немесе) бағасы жоғары бәсекелі болып келеді. Сән саласында киім пішуші, тігінші және материал танушы сияқты техникалық мамандардың тапшылығы бар.

Қазақстандағы **әдебиет және баспа ісі** секторы аса үлкен емес. Кабинеттік зерттеулер Алматы мен Астанада баспа ісіне оқытуды ұсынатын тек бір-бірден жоғары

оқу орны бар екенін көрсетті. Баспа бизнесінің шағын ғана ауқымы бар екендігін ішкі нарықтың көлемі аздығымен, ресейлік баспалармен қатты бәсекелестікпен және шығынның көп шығатындығымен ішінара түсіндіруге болады. Зерттеу редакторлардан, иллюстраторлар мен каллиграфтардан бастап материал танушы мен баспагерлерге дейінгі түрлі техникалық мамандардың жетіспейтінін көрсетті.

Сұхбатқа қатысқан музейлер қызметкерлері қазіргі кезде **музей ісі және тарихи-мәдени мұраны қорғау** секторына нақты бағдарланған көптеген бағдарламалардың бар екендігін және көптеген музей қызметкерлері басқа (биология, тарих және филология сияқты) салалардан келетінін растады. Бұл секторға жаңа келген адамдардың тағы басқа жерлерде (мысалы, қысқа мерзімді курстарда, тренингтерде, семинарларда және т.б.) музей ісі саласында, музей ісі бойынша қосымша біліктілік алуына, сондай-ақ жұмыс орнында белсенді түрде оқуына тура келетінін білдіреді. Сондай-ақ музей ісі және тарихи-мәдени мұраны қорғау секторында ақпараттық-коммуникациялық технология мен техникалық жабдықтар (мысалы, дыбыстық және жарық беруге арналған) әлсіз пайдаланылады, сондай-ақ, коммуникация дағдыларының жетпейтіні байқалады.



Қорытынды

Жалпы қорытындылар

Қазақстан жағдайында тиімді білім беру бағдарламасын жасау үшін бірқатар жалпы аспектілерді ескеру қажет. Зерттеу барысында бірқатар негізгі қорытындылар жасалды, біз оларды төменде келтіріп отырмыз.

Теория мен практика арасындағы теңгерім

Қазақстандағы жоғары оқу орындары көп жағдайда белгілі бір пән бойынша теориялық база беруге бағдарланған; бұл ретте оның практикалық аспектілері толығымен ескерілмейді. Мәдениет саласындағы қазақстандық білім беру, қарап отырсақ, студенттерге тәп-тәуір теориялық білім беретінін ескеретін болсақ, ұсынылатын оқыту бағдарламалары әр қашанда практикалық аспектілерді қосып отыруы керек. Қосымша білім беру бағдарламалары студенттерді өздері алған білімдерді қолдануды, сондай-ақ, өмірде туындайтын нақты проблемаларды шешу үшін, сыни ойлауды үйретуі керек.

Білім алмасу

Көптеген респонденттер әкімшілік және техникалық салаларда халықаралық тәжірибе мен озық практика алмасудың құндылығын атап көрсетті. Олар Қазақстан мен Ұлыбритания, сондай-ақ басқа елдер арасында тәжірибе алмасудың мүмкіндігі көбірек болғанын көргілері келетіндігін атап көрсетті. Шетелден білім мен тәжірибе алу олар үшін аса пайдалы және қалаулы болып табылады: респонденттердің 75 пайызы басты кедергілердің бірі Қазақстанның мәдениет саласында қажетті дағдыларды енгізуге әсер ететін жаңа бағдарламаларды табыспен әзірлеу үшін білікті оқытушылардың жетіспейтіндігі екендігін атап көрсетті.

Инфрақұрылым

Бағдарламаларды басқару саласында да, техникалық салада іске асыру үшін белгілі бір инфрақұрылым қажет. Сондықтан Қазақстанда әрбір оқыту бағдарламасы үшін қажетті инфрақұрылымы бар серіктестерді (яғни, жоғары оқу орындары мен компанияларды) іздеп табудың маңызы аса зор.

Тілдік кедергі

Егер мәдениет саласындағы жас буын тұтастай алғанда шет тілдерін, солардың ішінде, ағылшын тілін білетін болса, сала қызметкерлерінің көпшілігі ешқандай да шет тілдерін оқымаған немесе жұмысында, өмірінде қолданбаған не кәсіптік терминологияны игермеген. Шет тілдерін білмеу біліктілікті арттыру үшін айтарлықтай кедергі болуы мүмкін. Осы себеп бойынша қазақстандық мәдениет қызметкерлері тек орыс тілді елдерде білім ала алады, бұл жағдай, өз кезегінде орыс тілді елдерден тыс жерлермен ынтымақтастықты қиындата түседі. Сондықтан да, студенттер үшін ұзақ мерзімді даму перспективасын жасау үшін оларға арналған жаңа оқыту бағдарламалары да ағылшын тілін меңгерту деңгейін арттыруға және кәсіптік терминологияны игертуге бағытталуы керек.

Зерттеу нәтижелері бойынша есепте қазіргі кезде анықталған кадрлар жетіспеушілігін қалай жоюға және мамандар біліктілігін қалай арттыруға байланысты бірқатар ұсыныстар келтірілген. Олардың кейбіреулері төменде беріліп отыр.

Мәдениет саласындағы менеджмент бағдарламаларының модельдері

Жобаларды басқару

Зерттеу мәдениеттің барлық жеті секторында да жобаларды басқару дағдыларының тапшылығын нақты анықтағанын ескере отырып, бұл модульдық бағдарлама мамандардың мәдени жобаларды іске асыру үшін қажетті барынша әртүрлі дағдыларды игеруіне көмектесуге бағытталған. Бағдарлама мәдениет секторындағы орта және аға буын басқарушыларға арналған. Бағдарламаға қатысушылар өздерінің жобаларды басқару тәжірибелерімен бөлісе алады, соның негізінде сәтті және сәтсіз жобалардың ұжымдық талдауы өткізілетін болады. Бағдарламада теориялық және қолданбалы модульдердің кезектесіп берілуі көзделген.

Бизнес-білім беру және мәдениет

Мәдениет секторының басқарушы дағдыларға деген қажеттілігін ескере отырып, бұл бағдарлама бизнес-мектептердің барынша көп студенттерін мәдениет саласына тартуды мақсат етеді. Бағдарлама шеңберінде эксперименттік мәдени жобалар және (немесе) қазіргі кезде бар жобалар шеңберіндегі тағылымдамалар ұйымдастырылатын болады, олар студенттерге өзінің (таяуда алған) менеджмент дағдыларын пайдалану және мәдениеттің кіші секторларындағы жұмыс ерекшеліктері туралы білу мүмкіндігін береді.

Нетворкинг және коммуникация

Қазақстандық мәдени сектордың ауқымы шағын болса да, бұған қарамастан, мәдениет саласындағы маман практиктер коммуникация мен нетворкинг дағдыларын жетілдіру қажеттілігін көрсетті. Бұл саладағы бағдарлама келіссөздер жүргізу, пәнаралық серіктестермен жұмыс істеу/ынтымақтастық жасау және таныстырылым жасау дағдылары сияқты тақырыптар бойынша шағын семинарлар сериясын қамти алады. Өз кезегінде бұл мәдени қауымдастықта байланыстарды нығайтуға көмектеседі және жаңа пәнаралық коллаборациялар қарқынын тудырады.

Менеджмент саласындағы басқа бағдарламалар

Табысты халықаралық тәжірибе және менеджменттің практикалық әдістері мен мәдениет саласындағы маркетинг, сондай-ақ мәдениет саясатын қалыптастыру және мемлекеттік басқару процестері туралы ашық дәрістер сериясы мәдениет саласындағы маман практиктер мен студенттер үшін тағы бір пайдалы бағдарлама бола алады. Сондай-ақ жергілікті маман-практиктерді зерттеу жүргізуге, **сыни және креативті ойлауға** ынталандыратын білім беру бағдарламалары көбірек болуы тиіс.



Мысалы, дизайн мен сән секторларында бұл ең алдымен қатысушыларға қолда бар материалдарға және нарық қажеттіліктеріне талдау жасай алатын қысқа мерзімді семинарлар болуы мүмкін. Тек осыдан кейін олар қолда бар материалдарды пайдалана отырып, нақты креативтік шешімдерді әзірлеуге кірісе алар еді. Ақыр аяғында, **маркетинг және аудиториямен жұмыс істеу** саласындағы қазақстандық мәдениет қызметкерлерінің дағдыларын жетілдіруге бағытталған оқу бағдарламасын әзірлеудің де қажеттілігі бар.

Техникалық дағдылардың модельдік бағдарламалары

Техникалық дағдыларды дамытуға арналған бағдарламалардың екі типін ұсынамыз: 1) ұзақ мерзімді (бір жылдық) бағдарламалар; оған қосымша 2) қысқа мерзімді семинарлар мен алмасу бағдарламалары. Жылдық бағдарламалар мәдениет секторының таяу арадағы түлектеріне немесе мәдениет және өнер саласында білім алып жатқан, өздерінің кәсіптік дағдыларын кеңейтіп, нығайта түсуді ойлаған студенттерге көбірек сәйкес келер еді. Мұндай қарқынды бағдарламалар жалпы білім беру пәндерін қамтуға тиіс емес, бірақ практикалық модульдарға негізделуі және Қазақстанның атқарушы ұжымдарында міндетті түрде тағылымдамадан өтуі көзделуі керек.


Студенттер үшін дамудың ұзақ мерзімді перспективаларын құру үшін практикалық сабақтарды тиісті салаға сәйкес техникалық ағылшын тілін оқытумен толықтыру керек. Мұндай бағдарлама таяу арада шыққан түлектерге олар өздері жоғары оқу орнында алған іргелі теориялық базаға қосымша маңызды техникалық дағдыларды игеруге көмектеседі. Осындай бағдарламалар аудио көрнекі өнер саласындағы (кино, телевидение, интернет, радио) техникалық мамандардың (камера, жарық, дыбыс, монтаж) өткір болып тұрған жетіспеушілігін жоюға көмектескен болар еді. Сондай-ақ олар Алматы мен Астанада өсіп келе жатқан орындаушылық өнер секторының қажеттілігін қанағаттандыру үшін біліктілігі жоғары техникалық қызметкерлердің (мысалы, техникалық директорлар, жарық бойынша суретшілер, декоратор суретшілер, дыбыс инженерлері) тапшылығын толтыруға да көмектесері анық.

Бұдан басқа мұндай бағдарламалар мәдениет саласының барлық тілек білдірген қызметкерлері үшін ашық болуға тиіс, рас, сұхбатқа қатысушылардың жауаптарына сүйенетін болсақ, жұмыс істеп жүрген мамандардың бәрі бірдей жұмыстан қол үзе отырып, оқуға осынша уақытын арнай алмайтыны анықталды. Маман-практиктердің санын көбейту және солардың ішінен ең белсене айналысатындарды қамту үшін біз қысқа мерзімді бағдарламаларды ұсынамыз

**Техникалық қызметкерлерге
арналған алмасу семинарлары
мен бағдарламалары**

Қазақстандық мәдениет қызметкерлеріне барлық жеті секторларда қысқа мерзімді бағдарламалар сериясы (семинарлар) пайдалы әрі қызықты болар еді. Инновациялық әдістер мен өндіріс технологиялары осындай семинарлардың неғұрлым өзекті тақырыбы болып табылады. Сондай-

ақ екі жақты алмасу бағдарламалары пайдалы болар еді. Қазақстандық мамандардың Ұлыбританияға сапарға баруы және шет елдерден мамандарды шақыру тиімді тәжірибе алмасуға жәрдемдескен болар еді. МСМ мен БҒМ осындай жобалардың серіктестері бола алар еді, бірақ біз қазақстандық мәдениет мекемелерімен тікелей ынтымақтастық жасау да мүмкін деп ойлаймыз.



Сурет: 2-бет © James Gifford-Mead; басқа суреттер © British Council, егер өзгеше көрсетілмесе

© **British Council 2017/H156**

British Council – мәдени байланыстар мен білім беру саласындағы Ұлыбританияның халықаралық ұйымы.

